

Қалиева Ә.Е.

Азық-түліктік қауіпсіздік түсінігінің экономикалық мәнділігі, отандық және шетелдік тәсілдемелер

Азық-түліктік қауіпсіздік қамтамасыз ету жеке елдің және әлемнің жеке аймақтарының экономикалық және әлеуметтік тұрғыдағы тұрақты дамуының қажетті шарттарының бірі болып табылады. Сондықтан, азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі, қазіргі уақытта, мемлекеттердің үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың шешіп отырған басты мінттерінің бірі болып келеді.

Осыған орай, берілген мақалада азық-түліктік қауіпсіздікті анықтаудағы түрлі тәсілдемелер келтірілген, азық-түліктік қауіпсіздіктің аспектілері қарастырылған. Жұмыста азық-түліктік қауіпсіздік және азық-түліктік қамсыздандыру мәселелерімен айналысатын шетелдік және отандық ғалымдардың анықтамалары қарастырылып талданған.

Түйін сөздер: азық-түліктік қауіпсіздік, жаһандану жағдайы, бәсекеге қабілеттілік, ауылшаруашылықтық өнім.

Kaliyeva A.Y.

The economic significance of the notion of food security, native and foreign methods of determination

Food security is a prerequisite for sustainable economic and social development of the country as a whole and individual regions of the world. Therefore, the problem of food security is one of the main tasks pravitelstvovami countries and international organizations are now.

Therefore, this article discusses the various approaches to the definition of food security, food safety aspects are considered. The paper presents the definition of foreign and domestic scientists dealing with food safety and food security.

Key words: food security, globalization, integration, agriculture, competitiveness, agricultural products, production.

Калиева А.Е.

Экономическое значение понятия продовольственной безопасности, отечественные и зарубежные методы определения

Обеспечение продовольственной безопасности является необходимым условием стабильного экономического и социального развития как страны в целом, так и отдельно взятых регионов мира. Поэтому проблема продовольственной безопасности является одной из главных задач, решаемых правительствами стран и международными организациями в настоящее время.

В связи с этим, в данной статье приведены различные подходы к определению термина продовольственной безопасности, рассматриваются аспекты продовольственной безопасности. В работе приведены определения зарубежных и отечественных ученых, занимающихся проблемами продовольственной безопасности и продовольственного обеспечения.

Ключевые слова: продовольственная безопасность, глобализация, интеграция, сельское хозяйство, конкурентоспособность, продукция сельского хозяйства, производство.

**АЗЫҚ-ТҮЛІКТІК
ҚАУІПСІЗДІК
ТҮСІНІГІНІҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
МӘНДІЛІГІ, ОТАНДЫҚ
ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК
ТӘСІЛДЕМЕЛЕР**

Бүгінгі таңда көптеген елдерде азық-түліктік тағамдардың негізгі түрлерін тұтыну физиологиялық нормаларға сәйкес келмейді, ауылшаруашылығы шикізаты мен өнімдерінің бағасының артуы себебінен азық-түліктік өнімдердің экономикалық қолжетімділігі төмен, сонымен қатар, ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру үшін қажетті негізгі ресурс көздерінің де қысқаруы тенденциясы артып келеді. Осының барлығы елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігі артуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 – Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Әлемдік халық саны өсуінің жоғары қарқыны азық-түлік проблемасын күрт шиеленістіріп отыр. Бүгіннің өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде. Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе түспек» [1] деп айтылған. Осыған орай, азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін талдап зерттеу және осындай зерттеулер негізінде азық-түліктік қауіпсіздікті жоғарлату, елдің агроөнеркәсіптік кешенінің жұмысын жетілдіру, тиімділігін арттыру мәселелерінің өзектілігі ерекше болып табылады.

Азық-түліктік қауіпсіздік мәселесі жаһандық сипатқа ие және әлеуметтік-экономикалық, белгілі бір деңгейде саяси қиындықтарды еңсеру мәселелерімен тығыз байланысты. Азық-түлік мәселесі – бұл өзіне экономикалық, әлеуметтік және саяси аспектілерді шоғырландыратын, күрделі және кең тарапты ерекше құбылыс. Бұл мәселенің жаһандық сипаты басқа тұрғыдан да қарастырылады: әлемдегі ресурстардың адамзаттың тамақтануын қанағаттандыруды қамтамасыз ете алуына қарамастан, кейбір елдердің тұрғын халқы аштықтан зардап шегуде, ал кейбір елдерде, керісінше, артық тұтыну және белгілі бір азық-түлік өнімдерінің артықшылығы мәселесі тұр. Ғалымдардың есептеуінше әлемдік экономика жер жүзіндегі тұрғын халықтан екі есе артық адамды тамақтандыра алады. Дегенмен, азық-түлік өнімдерін өндіру орынды және жеткілікті көлемде жүзеге асырылмауда. Әлемдік өндірістің едәуір дамуына кара-

мастан қазірдің өзінде жаһандық азық-түліктік мәселе – көптеген дамушы елдердегі аштық мәселесі шешілмеген [2]. Белгілі бір елдегі азық-түліктік қамсыздандырылу және қауіпсіздік сұрақтарын талдаған кезде аталған мәселе нақты тамақтану деңгейі, онымен қамтамасыз етілу, жағдайды жақсарту және оған байланысты түрлі міндеттердің әртүрлі елдердегі дәрежесі бірегей болмайтындығын ескеру қажет.

Жалпы алғанда, азық-түліктік қауіпсіздік мәселесі аштық және ашқұрсақтық жағдайында өмір сүріп жүрген адамдардың үлкен тобының болуының нәтижесінде әлемдік деңгейде де, ұлттық деңгейде де ерекше мәнге ие [3]. Тұрғын халықты жеткілікті көлемде азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі анағұрлым күрделі, өзіне азық-түлік өнімдерін өндіру мәселелерін, әлемдік және ұлттық азық-түліктік нарықтардың конъюнктурасын, елдің бәсекегеқабілеттілігі мен төлемқабілеттілігін, тұрғын халықтың табыс деңгейі мен құрылымын, мемлекеттің әлеуметтік саясатын және т.б. сұрақтар кешенін ескертін мәселе болып табылады [4]; және бұл мәселе жаһандық азық-түліктік қауіпсіздік мәселесімен, ұлттық агроөнеркәсіптік кешеннің қызмет етуімен және дамуымен, азық-түлік тағамдарын әлеуметтік тұрғыда әділетті түрде таратумен тығыз байланысты болып келеді.

«Азық-түліктік қауіпсіздік» терминінің негізінде жатқан базалық түсініктер 1943 жылы мамырда Хот-Спрингс (АҚШ) қаласында өткен «Азық-түлік және ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша Халықаралық конференциясында» қалыптастырылған болатын. Олардың пайымдауынша «мұқтаждықтан еркіндік» кез келген адамның азық-түлікпен тиісті және сәйкес көлемде, сенімді қамсыздандырылуын білдіреді. Бұл ретте «сенімді» дегеніміз азық-түлікке қолжетімділікті, «тиісті» дегеніміз азық-түліктік қамсыздандырылудың жеткілікті көлемін, «сәйкес» дегеніміз азық-түліктің құндылығын білдіреді [5].

Бұл мәселенің негізі қаланғаннан кейін әлемдік қауымдастықпен ғылыми тұрғыда және белсенді түрде қарастырыла басталу мезетін ХХ ғасырдың 70-жылдарына жатқызуға болады, бұл сол кезеңде дамып келе жатқан елдердегі әлеуметтік-экономикалық үрдістерге байланысты болды [6].

Ресми түрде «азық-түліктік қауіпсіздік» термині әлемдік тәжірибеде 1972-1973 жылдардағы бидай нарығындағы дағдарыстан кейін енгізілді және өсіп келе жатқан қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін азық-түліктің жеткілікті

көлемін өндіруді білдіре бастады [3]. Азық-түліктік дағдарыс себептерін анықтау және одан шығу жолдарын талдап әзірлеу талпыныстары Дүниежүзілік азық-түліктік конференцияның материалдарында (Рим, 1974 ж.) қарастырылған болатын [4]. 1974 жылы азық-түліктік қауіпсіздік саласында саясатқа тиесілі шараларды қарастыру мен қабылдау үшін үкіметаралық орган ретінде қызмет ететін Дүниежүзілік азық-түліктік қауіпсіздік бойынша комитет құрылды [7] және БҰҰ Бас Ассамблеясы БҰҰ Азық-түліктік және ауыл шаруашылықтық ұйымымен әзірленген (ФАО – ФАО) «Әлемдегі азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша халықаралық міндеттермелерді» қабылдады. 1996 жылы азық-түлік мәселелері бойынша өткен Дүниежүзілік кездесуде қабылданған Рим декларациясында азық-түліктік қауіпсіздік «елдің тұрғын халқына жалпы және әрбір азаматтың физикалық, әлеуметтік дамуы, денсаулығын қамсыздандыруы мен халық санының ұдайы өсуі үшін қажетті және жеткілікті сапада, ассортимент пен көлемде азық-түлік өнімдеріне, ауыз суға және басқа да тағам өнімдеріне қолжетімділікті қамтамасыз етілуі кепілдік бере алатын экономикалық жағдай» [6] ретінде анықталған.

Өз кезегінде, ФАО нормативтеріне сәйкес, елдің азық-түліктік қауіпсіздігі елдегі тұтынылатын өнімнің 80%-ы осы елдің ішінде өндірілсе, немесе осы ел белгілі-бір өнімді өндіруге мамандандырылған болып, осы өнімнің экспортының азық-түлік бойынша сыртқы сальдосы оң болатын жағдайды, яғни сыртқы сауда көлемдері осы тауардың өндірілуіне анағұрлым тәуелді болса және аталған ел әлемдік нарыққа әсер ете алған жағдайда қамтамасыз етіледі. Азық-түліктіктің қажетті көлемінің өндірілуімен қатар, оның дамыған елдер деңгейінде қайта орнын толтыратын сақтандыру қоры (17% көлеміндегі) қосымша өндірілген жағдайда азық-түліктік қауіпсіздік қамтамасыз етілген болып табылады. Белгілі бір азық-түлік түрлерінің елде өндірілмеуі немесе олардың өндірісінің шектеулі болуы жағайында азық-түліктік қауіпсіздікті аталған өнім түрлерінің басқа елдерден сатып алынуы арқылы қамтамасыз етеді [8]. Бұл ретте, жетпейтін азық-түліктік бойынша экспорттер-елдерден азық-түліктік, саяси немесе басқа да тәуелділікті болдырмау маңызды.

Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек жоғары сапалы тағамдардың жеткілікті көлемін өндіріп қанағ қою емес, бұл, сонымен қатар, әлемдік нарықтарға ауылшаруашылығы өнімдерін үздіксіз және лайықты жеткізуде болып та-

былады. Басқа сөзбен айтқанда, азық-түліктік қауіпсіздік аталған өнімдердің жеткілікті көлемінің өндірілуі мен олардың нарықтарға жеткізілуіне кепілдік беретін жүйелер мен құрылымдардың бар болуы жағдайында қол жеткізіледі. Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешу барысында маңызды сұрақтардың бірі болып нарықтағы барлық елдердің өзара тығыз қарым-қатынастары табылады. Әрбір мемлекет үшін ішкі агроөнеркәсіптік кешеннің қалыпты қызметін сақтап тұру және өндірісін қажетті көлемде болуын қолдау болжамдалмаған келеңсіз оқиғалардың болуы жағдайында азық-түліктің жетіспеуі туралы халықтың алаңдауын жеңілдетеді. Елдің ішіндегі агроөнеркәсіптік өндіріс импортты шектеу, экспорттаушы елдердегі нашар егіс секілді түрлі тәуекелдерден сақтандыру құрылғысы болып келеді. Қарастырылып отырған құрылым, осы тақырыпқа арналған әдебиеттерде, азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің көлденеңінен құрылымы болып саналады. Көлденеңінен құрылыммен қатар азық-түліктік қауіпсіздіктің иерархиялық, яғни тігінен құрылымы ажыратылады. Азық-түліктік қауіпсіздіктің тігінен құрылымы көпдеңгейлі иерархия болып табылады, және оның негізі – бұл азық-түлік мәселесін шешуші субъект пен оның қызметі [9]. Азық-түліктік қауіпсіздік мәселесінің басты сұрағы болып тамақтануға қажеттілігі бар адам табылады, оның осы қажеттіліктерін қанағаттандырусыз өнімді қызметке және қайтаөндіріске қол жеткізу мүмкін емес. Осыған байланысты азық-түліктік қауіпсіздіктің тігінен құрылымы отбасылық (азық-түлік тағамдарын сатып алу және қолдану), аймақтық (экономикалық дамудың тұрақтылығы, аймақтық азық-түліктік қорлардың қалыптасуы), ұлттық немесе мемлекеттік (экономикалық дамудың тұрақтылығы, мемлекеттік азық-түліктік қорлардың қалыптасуы, сұраныс пен ұсыныс көлемдерінің балансы), ұлтаралық немесе мемлекетаралық (тұрақты экономикалық дамуға, мемлекеттік және мемлекетаралық азық-түліктік қорлардың қалыптасуына қолдау көрсету) және жаһандық (мемлекеттердің тұрақты экономикалық дамуына қолдау көрсету, азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұзақмерзімді бағдарламалары, азық-түліктік қорлардың қалыптасуы) азық-түліктік қауіпсіздік болып қарастырылады.

Сонымен қатар, «азық-түліктік қауіпсіздік» термині екі түрлі көзқарас тұрғысынан түсіндірілетіндігін, яғни оның екі түрлі аспектісі бар екендігін атап өткен жөн. Азық-түліктік қауіпсіздік түсінігінің біріншісі аспектісі әлеуметтік-

экономикалық (қажеттіліктерді қанағаттандыру қабілеті) және екіншісі, саяси-экономикалық аспект [10] (аталған қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін елдің ішкі ресурстары мен агроөнеркәсіптік әлеуетін жұмылдыра алу қабілеті) болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық аспект мемлекеттің өзінің тұрғындарымен негізгі азық-түлік түрлерімен нормалар мен стандарттарға сай тұтынуын қамтамасыз ету қабілетімен сипатталады. Бұл ретте халықтың бүкіл әлеуметтік топтарының қажетті азық-түлікке қолжетімділігі қамтамасыз етілетін экономикалық шарттардың, соның ішінде халықтың табыстарының сәйкес деңгейі мен азық-түлікке деген бағаның сәйкестілігі ұйғарылады. Бұл аспект азық-түліктік қауіпсіздік бойынша Рим декларациясында «барабар тамақтану мен өмірге деген негізгі құқыққа сәйкес денсаулыққа зияны жоқ және толыққанды азық-түлікке қолжетімділікке деген әр адамның құқығы» деп анықалған [11]. Өз кезегінде, саяси-экономикалық аспект мемлекеттің белгілі бір шарттарда (сыртқы жәе ішкі қауіптер жағдайында) халықты негізінен ел ішіндегі өндіріс есебінен азық-түлікпен қамсыздандыруды ұйымдастыра алу және соның нәтижесінде экономикалық еркіндік пен саяси тәуелсіздікті кепілдік ету қабілетімен сипатталады.

Азық-түлік қауіпсіздік пробеласын зерттеуге арналған әдебиеттерді талдау барысында экономикалық әдебиеттерде азық-түліктік қауіпсіздікті анықтауда қолданылатын тәсілдерді үш түрге топтастыруға болатындығы туралы қорытынды жасауға болады. Бірінші тәсілді ұстанушылар азық-түліктік қауіпсіздік критеріі ретінде азық-түлікті тұтыну деңгейін (пайда болу көздерінің қандай – жеке немесе сырттан тартылған – екендігіне қарамастан) қолданады. Екінші тәсілдің өкілдері елдің азық-түлік өнімдерін жаппай бақылаусыз сырттан әкелу, яғни импорт есебінен қанағаттандыруға тәуелділікті жоюды зерттеуге негізделеді. Азық-түлік қауіпсіздік пробеласын зерттеуде қолданылатын үшінші тәсілдің негізінде елдің ішкі өндіріс есебінен өзін-өзі қамсыздандыруы және отандық өнім өндірушілерді түрлі шараларды қолдану арқылы қорғау жатыр (осындай шаралардың нәтижесінде отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті өнімдерді, олардың көптеген түрлерін өндіру мүмкіндігі туындайды [12].

Қарастырылып отырған мәселеге арналған әдебиеттерде азық-түліктік қауіпсіздіктің түрлі анықтамалары келтіріледі. Осылайша, Г. Конвей мен Е. Барбердің [13, 60 б.] пайымдауынша «

азық-түліктік қауіпсіздік – бұл белсенді сау өмір сүру үшін қажетті көлемде азық-түлік тағамдарына елдің бүкіл тұрғындарының кез-келген уақытта кепілді қолжетімділігі қамтамасыз етілген кезде экономикада орнайтын жағдай».

Азық-түлік қауіпсіздік мәселесімен айналысатын француз мамандары Ж. Буринэ және М. Флойдің ойынша азық-түлік тәртіп елдердің өзі-өздерін азық-түліктік өнімдермен қамтамасыз етуі мен аштықты жоюда болып келеді. Әлем елдерінің көпшілігінде азық-түліктік қамтамасыздандырылу мәселесін тиімді шешу халықаралық және аймақтық қауіпсіздіктің кепілдемелерін нығайтуға негіз болады [9]. Экономикалық байланыстардың жаһандануы мен ортақ әлемдік нарықтың қалыптасуы әлемді экономикалық қызмет етудің жеке элементтерінің түрлі іркілістеріне осал етуде.

Ресейлік ғалым Е. Серова азық-түліктік қауіпсіздік, кең мағынада, ел тұрғындарының негізгі бөлігіне өмір сүрудің қалыпты деңгейін ұстап тұру үшін қажетті азық-түлік тағамдарының қолжетімділігінің деңгейін білдіреді деп тұжырымдайды [14]. Дегенмен, жоғарыда келтірілген тұжырымда нақтылық қажет. Себебі «тағамдардың қолжетімділігін қалай өлшеуге болады?», «өмір сүрудің қалыпты деңгейін дегенміз не?», «елдің негізгі бөлігінің көлемі қандай?» деген қосымша, түсініктемені толықтыруды талап ететін сұрақтар туындауы мүмкін.

БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) және осы мәселемен айналысатын басқа да халықаралық ұйымдардың негізгі құжаттарын талдау негізінде И.П. Лупашко-Стальский ұлттық деңгейдегі азық-түліктік қауіпсіздік түсінігін келесідей қалыптастырды: ұлттық деңгейдегі азық-түліктік қауіпсіздік – бұл елдің ішкі өндіріс есебінен барлық тұрғындарды, соның ішінде халықтың ауқатсыз және осал жіктерін ерекше, азық-түлік өнімдерінің негізгі түрлерімен, осы өнімдердің адам өмірін сақтау және қолдау үшін қажетті сапасы мен көлемінің физикалық және экономикалық қолжетімділігінің шарттарынша қамтамасыз ету және бұл ретте мемлекеттің азық-түліктік өнімдердің сыртқы көздерден (халықаралық нарық пен гуманитарлық азық-түліктік көмек) толыққанды немесе максималды мүмкін тәуелсіздігін сақтау [15].

А.Е. Зубаревтің ойынша «мемлекеттің азық-түліктік қауіпсіздігі – бұл елдің экономикалық және ұлттық қауіпсіздігінің маңызды бөлігі, ол сыртқы және ішкі шарттардан тәуелсіз, экономика мен агроөнеркәсіптік кешеннің мемлекет-

тік азық-түліктік резервтің азаймауынсыз, тұрағын ортаның сақталуы мен жақсаруын білдіреді, бұнда азық-түліктік тағамдардың оларды тұтыну орындарына үздіксіз жеткізілуі ел тұрғындарын отандық өндіріс есебінен 80%-дан кем емес көлемде және энергетикалық құнарлығы ғылыми негізделген нормалардың 75%-нан кем емес болып келетін экологиялық таза және денсаулыққа пайдалы өнімдермен қолжетімді бағаларда қамтамасыз ету қарастырылады» [16].

Өз кезегінде, З.Х. Жанбекованың пайымдауынша «азық-түліктік қауіпсіздік – бұл физиологиялық нормаларға сәйкес елдің бүкіл азаматтарының азық-түлікке деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасау бойынша мемлекет пен халық арасындағы қатынасты білдіретін категория» [6].

Казембаев М.Е. анықтамасы бойынша азық-түліктік қауіпсіздік – бұл 1) халықтың түрлі азық-түлік тағамдарына деген сұранысты қанағаттандыру; 2) қажетті сақтандыру қорларын құру; 3) өнімнің артық көлемін экспорттау мақсатында агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты қызмет етуіне бағытталған экономикалық, ұйымдастырушылық, технологиялық, әлеуметтік, экологиялық факторлардың жүйесі [12]. Келтірілген анықтама азық-түліктік қауіпсіздікті жүйелік тұрғыдан қарастыруға талпыныс жасауда және азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету көптеген факторлардың әсері екендігін көрсетіп отыр. Онда азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаты ретінде халықтың түрлі азық-түлік тағамдарына деген сұранысты қанағаттандыру, қажетті сақтандыру қорларын құру мен өнімнің артық көлемін экспорттау қарастырылған.

Г. Сұлтанбеков елдің азық-түліктік қауіпсіздігі деп халықты оның өмірі мен денсаулығын сақтау үшін негізінен отандық өндірістің жеткілікті деңгейде сапалы елдің азық-түлік өнімдерімен үзіліссіз жабдықтауды қарастырады [17, 42 б.].

Азық-түлік қауіпсіздік мәселесін шешу кезінде халқының табысының көлемі мен ресурстық базасының әлеуеті әртүрлі елдер алдында күрделілігі түрлі болып келетін міндеттер тұрады. Мысалы, азық-түлікке деген физикалық қолжетімділік экспорттық эмбарго немесе түрлі тосқауылдармен шектелуі мүмкін болса, азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі халықтың сатып алу қабілетінің жеткіліксіздігінен туындауы мүмкін.

Шетелдік және отандық ғалымдардың «азық-түліктік қауіпсіздік» туралы зерттеулері мен

олардың берген тұжырымдамаларын салыстыра отырып автолардың барлығы «азық-түліктік қауіпсіздік – бұл елдің тұрғын халқын азы-түлік тағамдарымен қажет көлемде отандық өндіріс есебінен қамтамасыз ету» деген анықтамада бырыңғай болып табылатындығы көруге болады. Бұл тұрғыда дүниежүзінің ешбір мемлекеті ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық түрін түрлі шарттарға (жер құнарлығы, климаттық айыр-

машылықтар және т.б.) байланысты ел ішінде өндіре алмайтындығын атап өту қажет. Бұдан кез келген елдің азық-түліктік қауіпсіздігі ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен және бүкіл агроөнеркәсіптік кешеннің жағдайымен, сонымен қатар ұлттық және әлемдік экономиканың жалпы жағдайымен байланысты экономикалық, әлеуметтік шарттардың жиынтығымен анықталатындығы туралы қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы – Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан 2012 жыл.
- 2 Кайгородцев А.А. «Экономическая и продовольственная безопасность Казахстана: вопросы теории, методологии и практики». – М.: Медиа-Альянс, 2006. – 384 б.
- 3 Югай С.В. «Стратегическое управление продовольственной безопасностью Казахстана»: диссертация на соискание ученой степени доктора философии (PhD), – Караганда, 2014.
- 4 Саркисян К.Г., Климова Н.В. «Проблемы обеспечения продовольственной безопасности на современном этапе экономического развития». Қолжетімділік режимі: <http://econf.rae.ru/pdf/2012/03/1057.pdf>.
- 5 «Термины и терминология». Комитет по всемирной продовольственной безопасности (FAO). 2012. Қолжетімділік режимі: [http://www.fao.org/fsnforum/sites/default/files/file/Terminology/MD776R\(CFS___Coming_to_terms_with_Terminology\)01.pdf](http://www.fao.org/fsnforum/sites/default/files/file/Terminology/MD776R(CFS___Coming_to_terms_with_Terminology)01.pdf).
- 6 Жанбекова З.Х. Внутренние и внешние угрозы продовольственной безопасности Казахстана // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2003. – № 3. – С. 23-27.
- 7 «Вопросы продовольственной безопасности и питания». Комитет по всемирной продовольственной безопасности (FAO). Қолжетімділік режимі: <http://www.fao.org/cfs/cfs-home/ru/>.
- 8 Кайгородцев А.А. «Система продовольственной безопасности Казахстана». монография – Усть-Каменогорск, 2014. – 386 б.
- 9 Есжанова, Ж. Ж. Механизм обеспечения продовольственной безопасности в Республике Казахстан (на примере Восточно-Казахстанской области) : автореф. дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05 / Ж. Ж. Есжанова – 2009.
- 10 Есипов В.Е., Маховикова Г.А. «Внутренние и внешние угрозы продовольственной безопасности России». Қолжетімділік режимі: <http://geopolitika.narod.ru/New/ugrozi.htm>.
- 11 Гуров В.И., Праведников Е.Ю., Волобуева Н.А. «Сущность и значение перерабатывающей промышленности в обеспечении продовольственной безопасности» // Вестник курской государственной сельскохозяйственной академии. – 2011. – № 4. – С. 12-15.
- 12 Казембаев М.Е. Как обеспечить продовольственную безопасность? // Экономика Казахстана. – 1997. – № 11-12. – С. 49-54.
- 13 Conway G., Barber E. After the Green Revolution. Sustainable Agriculture for Development. – L., 1990, P. 60.
- 14 Серова Е. К вопросу о продовольственной безопасности России // Экспертный канал «Открытая экономика». – 2001. – 27 сентября.
- 15 Лупашко-Стальский И.П. Роль международных сельскохозяйственных организаций в обеспечении продовольственной безопасности в странах мира. // Информационный бюллетень Министерства сельского хозяйства Российской Федерации. – 2002. – № 11.
- 16 Зубараев А.Е. Государственные меры по обеспечению продовольственной безопасности // Известия Самарской государственной сельскохозяйственной академии. 2011. – №2. – с. 43.
- 17 Султанбекова Г. и др. Продовольственная безопасность Казахстана: современное состояние и направления обеспечения // Экономика и статистика. – 2001. – № 1. – С. 42.

References

- 1 Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti Elbasy N.A. Nazarbaevtyñ «Qazaqstan – 2050» Srtategiaysy qalyptasqan memleketin zhana sayasi bagyty» atty Qazaqstan halkyna Zholfauy – Egegen Qazaqstan, 14 zheltoqsan 2012 zhyly;
- 2 Kaigorodtcev A.A. «Economicheskaya i prodovolstvennaya bezopasnost Kazakhstana: voprosy teorii, metodologii i praktiki». – Media-Alians, 2006. – 384 s.;
- 3 Ugai S.V. «Strategicheskoe upravlenieprodovolstvennoi bezopasnostu Kazakhstana», Dissertacia na soiskanie uchenoi stepeni doctora philocophii (PhD), – Karaganda, – 2014;

- 4 Sarkisyan K.G., Klimova N.V. «Problemy obespecheniya prodovolstvennoi bezopasnosti na sovremennom etape ekonomicheskogo razvitiya». Qolzhetimdilik rezhimi: <http://econf.rae.ru/pdf/2012/03/1057.pdf>;
- 5 «Terminy i terminologiya». Komitet po vsemirnoi prodovolstvennoi bezopasnosti (FAO). 2012. Qolzhetimdilik rezhimi: [http://www.fao.org/fsnforum/sites/default/files/file/Terminology/MD776R\(CFS___Coming_to_terms_with_Terminology\)01.pdf](http://www.fao.org/fsnforum/sites/default/files/file/Terminology/MD776R(CFS___Coming_to_terms_with_Terminology)01.pdf);
- 6 Zhanbekova Z.H. Vnutrennie i vneshnie ugrozy prodovolstvennoi bezopasnosti Kazakhstana // Vestnik KazNU. Seriya ekonomicheskaya. – 2003. – №3. – s. 23-27;
- 7 «Voprosi prodovolstvennoi bezopasnosti i pitaniya». Komitet po vsemirnoi prodovolstvennoi bezopasnosti (FAO). 2012. Qolzhetimdilik rezhimi: <http://www.fao.org/cfs/cfs-home/ru/>;
- 8 Kaigorodtcev A.A. «Sistema ugrozy prodovolstvennoi bezopasnosti Kazakhstana», Monografiya. – Ust-Kamenogorks, – 2014. – 386 b.;
- 9 Eszhanova Zh.Zh. Mehanism obespecheniya prodovolstvennoi bezopasnosti v Respublike Kazakhstan (na primere Vostochno-Kazakhstanskoi oblasti): avtoreferat diss....kand.econ.nauk: 08.00.05 / Eszhanova Zh.Zh. – 2009;
- 10 Esipov B.E., Mahovikova G.A. « Vnutrennie i vneshnie ugrozy prodovolstvennoi bezopasnosti Rossii». Qolzhetimdilik rezhimi: <http://geopolitika.narod.ru/New/ugrozi.htm>;
- 11 Gurov V.I., Pravednikov E. Yu., Volobuev N.A. «Sushzhnost i znachenie pererabatyvayushzhei promyshlennosti v obespechenii prodovolstvennoi bezopasnosti « // Vestnik kurskoï gosudarstvennoi selskohozyaistvennoi akademii. – 2011. №4. – s. 12-15;
- 12 Kazembaev M.E. Kak obespechit prodovolstvennyu bezopasnost? // Ekonomika Kazakhstana. – 1997. – № 11-12. s. 49-54;
- 13 Conway G., Barber E. After the Green Revolution. Sustainable Agriculture for Development. – L., 1990, P. 60.;
- 14 Serova E. K voprosu o prodovolstvennoi bezopasnosti Rossii // Ekspertnyi kanal «Otkrytaya ekonomika». – 2001. – 27 sentebryz;
- 15 Lupashko-Stalskii I.P. Rol mezhdunarodnyh selskohozyaistvennyh organizatsii v obespechenii prodovolstvennoi bezopasnosti v stranah mira. // Informatsionnyi byulleten Ministerstva selskogo hozyaistva Rossiiskoi Federatsii. – 2002. – № 11;
- 16 Zubaraev A.E. Gosudarstvennye mery po obespecheniya prodovolstvennoi bezopasnosti // Izvestiya Samarskoi gosudarstvennoi selskohozyaistvennoi akademii. – 2011. – №2. – s. 43;
- 17 Sultanbekova G. i dr. Prodovolstvennoi bezopasnosti Kazakhstana: sovremennoe sostoyanie i napravleniya obespechenia // Economica i statistika. – 2001. – №1. – s.42.

